

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ

БАЙГАНИН АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ

«А.С.ПУШКИН АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕБІ» КММ

«А.С.ПУШКИН АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕБІ» КММ

ӨЗІН-ӨЗІ АТТЕСТАТТАУ МАТЕРИАЛДАРЫ

**А.С.Пушкин атындағы орта мектебінің өзін-өзі аттестаттаудан өткізу
корытындысы туралы**

АНЫҚТАМА

«Қазақстан Республикасы Оқу-агарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті тәрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 12 бүйрығын, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» КР Оқу-агарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бүйрығын, Қазақстан Республикасы Оқу-агарту министрлігінің білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті 2024 жылдың 31 мамыр-14 маусымы аралығында «А.С.Пушкин атындағы орта мектебі» КММ мектепшілік өзін-өзі аттестаттауды өткізді.

Мектепшілік өзін-өзі аттестациялауды ұйымдастыруға және өткізуге байланысты томендеғідем комиссия құрамы бекітілді.

1. Токаева Ж.Т.- комиссия тәрағасы, мектеп директоры міндетін атқарушы
2. Сәмиева Г.Т.- комиссия тәрағасының орынбасары, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
3. Әжімкі А.С.- комиссия мүшесі, гуманитарлық пәндер бірлестігінің жетекшісі
4. Қартабай М.С - комиссия мүшесі, бастауыш сыныптар бірлестігінің жетекшісі.
5. Сугирбаева Қ.С. – комиссия мүшесі, жаратылыстану пәндері бірлестігінің жетекшісі.

Комиссия мүшелері мектептің білім беру қызметінің сапасы мен нәтижесін тексеруде, зерттеуде келесідей болімдер қамтылды.

I.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау

1. Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар.
2. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар.
3. Тәрбие мен оқытудың мерзіміне қойылатын талаптар.
 - 1) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау.
 - 2) Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа кабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

II. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау

4. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына қойылатын талаптар.
 - 1) Білім беру ұйымының бекітілген жылдық жұмыс оқу жоспары мен сабактар кестелерінің болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бүйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі. (бұдан әрі – УОЖ) сәйкестігі;

(багаланатын кезенге жылдық жұмыс оку жоспарларының көшірмелері қоса беріледі).

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бүйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оку бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оку бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру.

3) Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жана білімді менгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (багаланатын кезенге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі).

4) Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, енбек және дene тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабактан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын үйымдастыру (багаланатын кезенге косымша сабактардың әзірленген және бекітілген кестесі (үйірме, секциялар бойынша), штаттық кесте қоса беріледі).

5) Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың терендептілген және стандартты деңгейі)

6) Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін үйымдастыру (багаланатын кезенге ПМПК мен ДКК қорытындысы, жеке оку жұмыс жоспарларының, жеке оку бағдарламаларының көшірмелері мен мектеп директорының бүйрығы қоса беріледі).

7) ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен тандау курстарын іске асыру. (багаланатын кезенге бекітілген вариативті компоненттің сабак кестесі көшірмелері қоса беріледі).

8) «Өмір каяїпсіздігінің негіздері» міндетті оку курсын игеру.

9) «Жолда жүру ережелері» міндетті оку курсын іске асыру.

10) Қазақстан Республикасы Оку-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 карашадағы № 473 бүйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 30721 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру үйымдарының білім беру кызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сактау. (багаланатын кезенге педагогикалық кадрлармен жасақталуы мен біліктілік санаттары және білім беру процесін материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету, медициналық пункт, тамақтандыру объектісі, окулықтармен қамтылу бойынша маліметтер әдістемелік ұсынымдарға 7,9,10,11,12-косымшаларға сәйкес басшының қолымен және мөрімен расталған кесте қоса беріледі.)

5. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім алушыларының оку жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар

1) білім алушылардың апталық оку жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сакталуы.

2) білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру үйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оку жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оку жүктемесінің сәйкестігі және сакталуы.

3) сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шенберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге койылатын талаптарды сактау.

6. Білім алушылардың дайындық деңгейіне койылатын талаптар.

1) ЖБП үлгілік оку бағдарламалары мен Қазақстан Республикасы Оку-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оку пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер); (бағаланатын кезеңге корытынды аттестатауга байланысты негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейінде оку курсы үшін емтихан бұйрықтары, емтиханды өткізу кестесі, емтихан хаттамасы және педагогикалық кенес хаттамалары қоса ұсынылады.)

2) Қазақстан Республикасы Білім және гылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оку жетістіктерін бағалауды жүзеге ассыру мен қалыптастыруышы және жиынтық бағалау талаптарын сактау (Kundelik.kz электронды журналы арқылы қалыптастыруышы және жиынтық бағалаудың жүргізілуі, жылдық бағалардың шығарылуы қаралады)

3) Қазақстан Республикасы Оку-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау (Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың жеке оку жоспары, жеке бағдарламасы, Kundelik.kz арқылы пәндер бойынша күнтізбелік –такырыптық жоспарлары қаралады, психологиялық – педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс жоспарларын, дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу құжаттарын ұсыну)

4) 4,9-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оку нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оку бағдарламаларын менгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау. (4, 9-сынып окушыларының білім, білік және дәғды сапасын бағалау нәтижесі, оның ішінде әдістемелік ұсынымдарға 13-қосымшаға сәйкес толтырылған кестелер)

7. Оку мерзіміне қойылатын талаптар.

1) тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оку бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сактау.

2) сыныптар бойынша оку жылының ұзактығына және күнтізбелік жылдағықаникул уақытының ұзактығына қойылатын талаптарды сактау.

**«А.С.Пушкин атындағы орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жалпы сипаттама**

Білім беру мекемесінің толық атауы: «Байганин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «А.С.Пушкин атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

БСН 971240002899 занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 1999 жылдың 16 сәуір күні берілген.

Занды мекен жайы: 030300 Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Байганин ауданы, Сартогай ауылдық округі, Алтай батыр ауылы, Мектеп көшесі, 2үй гимараты.

Электрондық мекен жайы: altai_201717@mail.ru, a.s.pushkin-2023@mail.kz телефон: +7 (713 45) 75 0 00; +7 (713 45) 75 0 02

Ғимараттың техникалық паспорты 2018 жылдың 10 желтоқсЫНЫНДА жасалған. Қабат саны - 2, құрылыш ауданы -1361,0 . Ғимараттың ауқымы – 7848, жалпы алан – 1850. Салынған жылы - 182 жыл.

«А.С.Пушкин атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсанында № 469 қаулысымен бекітілген.

Құрылтайшысы – «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Жалпы негізгі білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін лицензия: 21 қаңтар 2021 жылы №KZ29LAA0021019.

Мектеп директоры Мырзагалиев Алпамыс Орынбасарович Ақтөбе облысының білім басқармасы Байганин ауданының білім бөлімі басшысының 2020 жылдың 23 сәуір № 26 бүйрығымен А.С.Пушкин атындағы орта мектебінің басшысы қызметіне тағайындалды.

Мектептің білім беру қызметі КР «Білім туралы» Занына, КР бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына, КР БжФМ нұсқаулық хаттары мен бүйрықтарына, КР орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне, мектептің Жарғысына сәйкес жүзеге асырылуда.

«А.С.Пушкин атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Мектепшілік тәртіп ережелері «Білім туралы» Зан, Жарғы және басқа да азаматтық қатынастарды реттейдін нормативті құқыктық құжаттар негізінде құрылған.

Істер номенклатуrasesы: Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министриінің міндеттін атқарушының 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 бүйрығымен бекітілген «Сактау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбегі» (Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 06 казандағы № 271 бүйрығымен өзгерістер енгізілді).

Ақтөбе облысының білім баскарасының 2014 жылғы 26 қыркүйегінде № 4 сараптау комиссиясының хаттамасымен келісілген «Сактау мерзімдерін көрсете отырып, жалпы білім беретін мекемелер қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесі» негізінде құрастырылып Байганин аудандық білім бөлімі басшысымен 2022 жылдың 22 желтоқсанында бекітілді және «Ақтөбе облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы» ММ –нің «Байганин ауданының мемлекеттік мұрағаты» КММ –нің 2022 жылғы «_____» желтоқсан күні

№ СТК хаттамасымен келісілді.

Білім беру мекемесінің іс қағаздары мен индекстері:	
01 - Басшылық және бақылау	
02- Кадрмен жұмыс	
03 - Оқушылармен жұмыс	
04 - Оку белімі	
05 - Оку-әдістемелік белімі	
06 - Оку-тәрбие белімі	
07 - Психолог кабинеті	
08 - Әлеуметтік педагогтың жұмысы	
09 - Кітапхана ісі	
10 - Шаруашылық белімі	
11 – Дәрігерлік белім	
12 - Кәсіподақ комитеті	

Өзін-өзі бағалау кезінде құжаттар реті номенклатурага сәйкес жүргізілген, құжаттар реті номенклатурага сәйкес.

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңының 5-бабының 34-1 тармакшасы негізінде «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы ҚР Заңының 5-бабы З тармағына және 16-бабының 1- тармағына сәйкес ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырындағы «Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы» №192 бүйрүгін орындау мақсатында мектепте педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамы мектеп директорының 2024 жылғы 24 сәуірде № 46-1° бүйрүгімен З жылға құрылды. Кеңес құрамы 7 адамнан тұрады.

2023-2024 оку жылында «А.С.Пушкин атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі оку-тәрбие процесі мемлекеттік тілде жүргізді.

2023-2024 оку жылы 11 класс комплектісімен басталды. Бастауыш класта 4 сынып жиынтығында 66 окушы болса, орта буында - 5 сынып жиынтығында 60 окушы, сонымен катар жоғары буында 2 сынып жиынтығы 23 окушы.

2023-2024 оку жылында «А.С.Пушкин атындағы орта мектебі» КММ-нде 1-11 класс аралығындағы окушы саны оку жылы аяғында 149 окушы, мектеп алды даярлық кластарында 17 тәрбиленуші болып аяқтады. Мектептің мектеп алды даярлық топтарын қоса алғанда 12 класс-комплектісі, 166 окушы болды. Сонымен катар шағын орталық тобында оку жылын 8 тәрбиленуші болып аяқтады.

Сыныптар реттілігі	Оқушы саны
МАД тобы	17
1 сынып (литер:а)	16
2сынып (литер:а)	17
3сынып (литер:а)	19
4 сынып (литер:а)	14

5 сынып (литер:а)	12
6 сынып (литер:а)	11
7 сынып (литер:а)	10
8 сынып (литер:а)	9
9 сынып (литер:а)	18
10 сынып (литер:а)	13
11 сынып (литер:а)	10
Барлығы	149

- Оқу процесін ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйрығының 2-қосымшасына сәйкес «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бүйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);

- «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында, балаларға және ересектерге косымша білім беру үйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бүйрығымен бекітілген мектепке дейінгі үйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (№1 косымша);

- «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бүйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бүйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бүйрығы (2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бүйрықтарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);

- «Жалпы білім беру үйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, тандау курсарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бүйрығы (2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 және 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бүйрықтарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);

- Санитарлық ережелер Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 76 бүйрығымен «Білім беру нысандарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» (КР ӘМ 06.08.2021 ж №23890 болып тіркелген) бүйрықтары басшылықка алынды.

Мектептің білім беру жүйесіндегі басты мақсаты:

Нәтижеге бағытталған сапалы білім беру жолында тиімді әдіс-тәсілдерді менгеруге инновациялық бастамашылық таныту мен шығармашылық ізденіс арқылы бәсекеге кабілетті тұлға тәрбиелу.

Міндеттері мен мақсаттары:

1. Мектеп оку үрдісін ақпараттандыруды жетілдіру. Ақпараттық технология мүмкіндігін барынша сапалы қолдану.
2. Баршага бірдей сапалы білімге қол жеткізу.
3. Әр оқушының өз қажеттілігі мен мүмкіндігіне сай білім алу құқығын қамтамасыз ету.
4. Оқушылардың физикалық, психологиялық, адамгершілік тұргыда жетілуін қамтамасыз ету.
5. Әр оқушының оку үрдісінде белсенді және ұйымдастыруши- бастамашылдық қабілеттің ояту.
6. Оку және өздігінен білім алу мотивациясын дамыту.
7. Ғылым негіздерін жан- жакты және терең менгеруі негізінде білім алушылардың дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыру.
8. Жалпы орта білім беру деңгейінде оку ісіндегі он мотивация мен іскерлік дағдыларын тудыру. Баланың тұлғалық қасиеттерінің, оның коршаган ортага эмоционалдық- құндылық катынасының, таным әрекетіндегі жеке қабілеттері мен шеберліктерінің дамуын қамтамасыз ету.
9. Мұғалімнің педагогикалық шеберлігін қамтамасыз ететін әдістемелік қызмет моделін жетілдіру.
10. Дарынды балалармен мақсатқа бағытталған жұмысты жүйелі түрде жалғастыру.
11. Педагогтар мен оқушылардың зерттеушілік жұмысын ұйымдастыру және жетілдіру.
12. Педагогтардың өздігінен білім алуын, олардың шығармашылық өсуін ұйымдастыру және жетілдіру.
13. Педагогтардың тәжірибесін жалпылауды әдістемелік материалдар шығару арқылы белсендіру, интернет желісіне орналастыру. Мұғалімдердің желілік байланысын ориату.
14. Класс ұжымын жұмыс жүргізуде жаңа тәрбиелік технологияларды оқып үйрену және колдану.

Оқушыларга арналған оку жүктемесі МЖМБС талаптарына сай жасалған. Әр сынып бойынша апталық сағат жүктемесі:

2022-2023 оку жылы	
Сыныптар	Апталық жүктемесі
1	19,5
2	24
3	26
4	26
5	28,5

6	28,5
7	31,5
8	32,5
9	34
10	35
11	35

Білім беру салаларының және үйымдастырылған оку қызметінің МЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспарларына сәйкестігі.

- 1) 2023-2024 оку жылында оку-тәрбие процесін үйымдастыру «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бүйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспарлары (2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бүйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндеттін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бүйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасы жоспарлары (2022 жылғы 14 қазанды № 422 бүйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен); сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспары» мектептің мектепалды дайрлық топтарының оку жоспары құрылыш жұмыс жүргізілді.

2) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру

- 2023-2024 оку жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндеттін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бүйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасы жоспарлары (2022 жылғы 14 қазанды № 422 бүйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен) негізінде іске асырылды.

ШО және МАД тоғтарында оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған максаттар мен міндеттерге кол жеткізу; қымыл, коммуникативтік, танымдық, шыгармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру; тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау; мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру үйимдарында оқыту үшін тәң бастанапты мүмкіндіктерді құру; мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабактастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету; тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оку қызметіне дайындау; креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүзеге асырылуда.

Сонымен катар осы оку жылында үйимдастырылған оку қызметінің бөлінуін растайтын күжаттар, күн тәртібі, перспективалық жоспарлар мен циклограммалар

дайындалып, бекітілді. Яғни, баланың жас ерекшелігін ескере отырып үлгілік бағдарламасына, үлгілік оқу жоспарына, мониторинг, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сүйене отырып, бірізділікті сақтай отырып перспективалық жоспар құрылды. Себебі үздіксіз білім беру жүйесін қамтамассыз етеді және бірінші жарты жылдықтың, екінші жарты жылдықтың күтілетін нәтижесіне қарай оқу мақсаты білу мен қолдануы аралығын қамтамассыз етуін спиральдік оқыту арқылы қамтамассыз етуі болады. Перспективалық жоспарға үлгілік оқу бағдарламасында негізделген күтілетін нәтижеден өлшемді, нақты, бір уақытка негізделген, шынайы мақсат құрылды. Себебі жүзеге асыруда баланың дербестілігі, қажеттілігі, қызығушылығы толығымен ескерілген.

Және де жаңартылған білім беру мазмұнына сай апталық циклограмма құрылды. Циклограммада балалардың жас ерекшеліктері ескерілген әрбір режимдік кезеңнін міндеттері, мазмұны және ұзактығы белгіленді.

3) МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін педагогтер мәліметі. (2 ҚОСЫМША)

Шағын орталық тобында "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша өз мамандығына сәйкес педагог кызмет етеді (педагогтың диплом көшірмесі қоса берілді).

Мектепалды даярлық тобында "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша қайта даярлаудан өткен мұғалім кызмет етеді (педагогтың диплом және сертификат көшірмелері қоса берілді).

2023-2024 оқу жылы бойынша мектепке дейінгі тәрбие педагогтарының пайыздық үлесі 100%

№	Толық аты-жөні (төлкүжат бойынша)	Түған жыл, айы, күні	Білім	Бітірген оқу орны	Диплом бойынша мамандығы	Жүргізе тін пәні	Пед.өтілі (жалпы, қызыме ті бойынша)		Санаты бүйрек № жылы, күні
							жалпы	қызыме ті бойынша	
1	Нұғыман Гүлсамал Қанышқызы	25.08.1992	Жоғары	Академик Ә.Куатбеков атындағы Халықтар достық университеті	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелей	ШО тобы тәрбие шісі	9	9	
2.	Оразова Гүлшат Тойбазарқызы	23.10.1991	Арн. орт.	Ақтөбе гуманитар лық колледжі	Мектепке дейінгі тәрбиелей және білім беру	МАД тобы тәрбие шісі	9	9	-

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту үйімінің тәрбиешілері төмендегідей лауазымдық міндеттерді атқарады:

-балалардың өмірі мен деңсаулығын коргауды қамтамасыз етеді, оларды тәрбиелеу мен оқытуда деңсаулық сактау технологияларын колданады;

- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспарына сәйкес үйімдастырылған оку кызметінің кестесіне сәйкес педагогикалық процесті жүзеге асырады;

Тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы (3 ҚОСЫМША)

2023-2024 оку жылы басында шағын орталық тобына 9 тәрбиеленуші қабылданып, жыл ішінде яғни, ата-анасы отініші бойынша 1 тәрбиеленуші «Алтай батыр бебекжай» балабакшасына ауысып, жыл соңында 8 тәрбиеленуші болып аяқтады.

2023-2024 оку жылы бойынша мектепалды даярлық тобына 17 тәрбиеленуші қабылданып, жыл соңында 17 тәрбиеленушімен аяқтады.

Мектепке дейінгі білім беру үйімдарын жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы мәліметтер 4 қосымша

МДТО үлгілік оку бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қоргауды және деңсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеністіктік дамытушы орта құру (жалпы білім беру үйімі бойынша мектеп жасына дейінгі баланың жеке, тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы бейнематериалдар, сондай-ақ жабдықтар мен жиһазға жүккүжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесі

Әр оку жылдарында тәрбиеленушілердің тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ету жағдайларына баса назар аударылып отырады. Шағын орталық тобында (1 топ), топтың оку кабинетінде 2 жартылай ашиқ шкаф, 8 стеллаж, 1 теледидар, 1 компьютер, 1 мұғалім үстелі және 2 кілем бар.

МАД тобының (1 топ) оку кабинетінде 2 шкаф, 8 стеллаж, 1 теледидар, 1 компьютер, 1 мұғалім үстелі бар. Білім алушыларға арнайы 9 парта ,18 орындықтар пайдаланылуда.

Мектепке дейінгі үйімдар үшін оку-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер 5 қосымша

2023-2024 оку жылы бойынша мектепалды даярлық сыйыбына оку-әдістемелік кешендер келді. **МАД 5+Аппликация. Улестірмелі материалдар-17 , МАД 5+Қарапайым математикалық ұйымдарды қалыптастыру № 1,2 дәптер, МАД 5+ Көркем әдебиет Жұмыс дәптері, МАД 5+ Саят ашу негіздері №1,2 Жұмыс**

дәптері, МАД 5+ Сөйлеуді дамыту жұмыс дәптері ,**МАД 5+.Барлық келген оқу-әдістемелік құралдар 17 данадан келді.**

4) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы

Әр тәрбиеленушінің әрқайсысының жетістіктерінің нәтижелерін бақылауға мүмкіндік беретін жеке даму картасы бар. Жеке даму картасында: деңсаулық, коммуникация, таным, шығармашылық, әлеумет секілді бес білім беру салалары бойынша түзету іс-шаралары бастапқы бақылаудан кейін, аралық бақылаудан кейін, қорытынды бақылаудан кейін түзету іс-шараларының жалпы қорытындысы шығарылады. Яғни, бастапқы, аралық және қорытынды бақылау өткізіліп, әр білім алушының жеке дамуы анықталды.

5). 2023-2024 оку жылында ерекше білім алуға қажеттілігі бар тәрбиеленуші жок.

6). МАД топтарының балаларының даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелері.

2023-2024 оку жылдарында бағаланған даму мониторинг қорытындысы бар, жеке жинакталған. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейлеріне қойылатын талаптар олардың жасына сәйкес дайындық деңгейіне қойылатын талаптар тәрбиеленушілердің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу кезінде үлгілік оку бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған:

1 деңгей – бала осы немесе басқа білім мен әрекетті жаңғыртады;

2-денгей – бала белгілі бір білім корына ие және өзінің әрекетін түсінеді;

3-денгей – бала өзінің білетінін мен колынан келетінін қолданады, білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолданады.

10. Тәрбиеленушілердің оку жүктемесінің ең жоғары колеміне қойылатын талаптар.

1) а. Мектепалды даярлық тобының 2023-2024 оку жылында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламалары КР білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бүйрүгіның 1 косымшасына сәйкес және 12.08.2016 жылғы № 499 бүйрүгі негізінде оку жоспарының негізгі апталық сағат жүктемесі 20 сағатты қурайды, ал вариативтік компоненті - 1:

1. «Қызықты математика» - 1 сағаттан жылдық жүктеме 34 сағат

ә. Шағын орталық тобының 2023-2024 оку жылындағы КР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бүйрүгіна(2 косымша),Казакстан Республикасы Оку – агарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандагы №422 бүйрүгі (2 косымша)негізінде ұсынылған үлгілік оку жоспары іске асырылды.

11. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар.

1) Эр оку жыларын басында МАД тобына бала қабылдау кезінде жас кезеңдерін сактау және топтарды бірдей жастағы принцип бойынша жинақтау басты назарға алынады (№ 3 қосымшада көрсетілді)

2) . Мектебіміздегі МАД топтары тәрбиеленушілерді 1 сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оку бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сактайты.

МАД топтарында деңсаулық сактау дағдыларын: гигиеналық шараларды орындауды, өз-өзіне қызмет ету және өзара көмек көрсету дағдыларын, шынықтырудын барлық әдістерін жас ерекшелігіне сай сандық және сапалық көрсеткіштерге қол жеткізе отырып негізгі кимыл түрлерін, кимылдарды еркін менгеріп саналы түрде ойын ережесін сактауды, қозғалыс әрекетінде қарапайым өзін-өзі бакылауды, ағзаны шынықтыру және дene сымбатын сактауды үйренеді.

Коммуникативтік тілдесу ережелерін: бейвербалды сөйлесу күралдарын, сөйлесу әдебін, сөз тіркесі мен сөйлемдерді грамматикалық дұрыс күрастыруды, сөйлеуде таныс сөздерінің курделі түрлерін колдануды, дыбыстарды анық, дұрыс мәнерлі айтуды, жіктеуді дыбыстың шартты белгілерінің көмегімен буын мен сөз күрастыруды, сөзжасам дағдыларын заттардың белгілері мен сапаларына сүйене отырып, сөздің мағынасын түсіндіре және қолдана алады, берілген тақырып бойынша жалаң және жайылма сөйлемдерді қолдана отырып, байланыстырып, бірізділікпен әнгіме күрастыруды түрлі оқиғаларды мазмұндаң айтуды, ертегілерді ойдан күрастыруды, көргеніне сүйене отырып, таныс шығармалардың мәтінін мазмұндауды, дыбыстарды айтуда және дыбыстық талдауда білімін қолдануды төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды, дыбыстарды сипаттауды үйренеді.

Танымдық дағдылар адам өміріндегі маңызына және қолданылуына байланысты заттарды даярау үшін пайдаланатын материалдардың қасиеттері мен алуан түрлілігі туралы қоршаган ортадағы объектілердің ерекше және маңызды белгілерін бөліп көрсете отырып, олар туралы түсініктерді жапсыру және сурет салу түрінде геометриялық пішіндерден шынайы және абстракциялық қарапайым үлгілерін жасауды болмашы ерекше белгілері бойынша жануарлар мен өсімдіктерді ажыраты білуді, табигат бұрышындағы мекендеуішлерді күтіп баптауды қунделікті өмірдің жаңа жағдайларында қауіпсіздікті сактауды, түрлі белгілері бойынша объектілерді жіктеуді, сөз арқылы кеңістік-уақыт қатынасын, қисынды ойлауды, нәтижеге жететін эксперимент әрекетіне мақсат коюды, нәтижеге жетуді, алған акпаратка талдау жасауды, оны саналы түрде қолдануды үйренеді.

Шығармашылық дағдылар: музикалық аспап сүйемелдейтін әуенде регистр дыбысын жырата алады, балаларга арналған музикалық аспапта ойнау барысында, ән айтқанда, билегенде, минорлы және мажорлы дыбысталуды қабылдап жаңғырта алады, түрлі техникалық күралдарды өз бетінше қолдануды, жұмыстарды жаңа бөліктермен толықтыруды және әсемдеуді, күрастырган заттарының бояуының канықтылығының маңынзыдылын, өнердің басқа түрлерінің түпмәтінінде өнер туындыларына алғашқы талдау жасауды үйренеді.

Әлеуметтік дағдылар: мінез-құлықтың адамгершілік нормаларын, әдеп, табиғаттағы өзін-өзі ұстau ережелерін, ересектермен бірлескен әрекетке жұмылуды, пайдасын тигізуге және оған қанағаттануды, өзінің және басқа халықтардың әдептілік нормалары мен олардың құндылығын, түсіністік, төзімділік танытууды, әлеуметтік ортада өзара карым-катынас жасау біліктілігін, қоғамдық тәртіп сактау қағидаларының коммуникативтік дағдыларын менгереді.

4. Оқыту иетижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бүйрүғымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары негізінде «А.С.Пушкин атындағы орта мектебі» КММ –нің жылдық оқу жұмыс жоспарлары аудандық білім болімі келісімімен бекітіліп, 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы З тамыздағы № 348 бүйрүғымен бекітілген МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестендірілді.

2023-2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарына сай бастауыш кәсіподақ және ата-аналар комитетінің келісімімен, мектеп директоры бекіткен сабак кестесі бар. Сабак кестесі оқу жылының оқу жоспарларын басшылыққа ала отырып, жасалған. Сабак кестесін құруда мектеп әкімшілігі әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормаларын, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстарын ескерілген.

Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой енбегінің жұмыска қабілеттілігі динамикасын ескеру және КР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № КР ДСМ-76 бүйрүғы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» сәйкес пәндерді киындығына қарай саралау кестесін пайдаланылды. Үзілістерде таза ауаны кіргізіп, кабинеттерде ылғалды тазалық жүргізілді.

2023-2024 оқу жылы бірінші ауысымдағы сабак 8.00-ден 14.05-ке дейін өткізіледі. Екінші ауысым сабагы сағат 14.15.-те басталады. 2022 жылғы 31 тамызда өткізілген №1 Педагогикалық Кеңес шешімі негізінде оқу жоспары мен сабак кестелері бекітілді.

2). Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бүйрүғымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес әр сыныптарда инварианттық оқу жүктемелері томенде келтірілген:

2023-2024 оқу жылы бойынша 1 сыныптарда – 19,5; 2 сыныптарда – 24; 3 және 4 сыныптарда -26; 5,6 сыныптарда – 28,5; 7 сыныптарда – 31,5; 8 сыныптарда – 32,5; 9 сыныптарда – 34; 10 және 11 сыныптарда 35 оқу жүктемесі бар. Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұны игерілді.

3) Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жана білімді менгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19-қыркүйектегі № 294 бүйрүғы, Ақтөбе облысының білім баскармасының 2023 жылғы 20-қыркүйектегі №398 бүйрүғы негізінде жалпы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің

тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес, А.С.Пушкин атындағы орта мектебінің 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық кешенді жоспары құрылып, бекітілді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбеккор, адаптациялық, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

Ата-ананың өсietін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел біrlігін сактауға, отаншылдықпен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуга, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлықпен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

Табигатқа, табиги мұрага ұқыптылықпен карауга және табиги ресурстарды үнемді әрі тиімді колдануға тәрбиелеу және еңбеккорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиjе:

Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қараашаңырақ», «жетіата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасыта тулығымен берекесін қадірлейді.

Отаншыл, мемлекетшіл, намышыл, халқына адаптациялық етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елімен жерінің тұтастығын корғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адаптациялық, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятын жоғары бағалайды.

Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамактану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, көгамдық орынға және қоршаған ортага ұқыптылықпен қарайды, табигатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адаптациялық жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МУДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

I. Ұлттық мұдде құндылығы:

Казақстан мемлекеттілігін нығайтуға ат салысу; Қазақстанның оңтайлы имиджін калыптастыруға белсенді үлес қосу; Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; Қазақ тілінің колдану аясын көңейту; Қазақстан мұддесіне қызмет етуге ұмтылу; Қоғам игілігі үшін қызмет ету; Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

Отанышыл, мемлекетшіл және намысшыл

Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді

Елінің тарихын күрметтейді

Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

II. Ар-ұят құндылығы

Академиялық адалдық қағидатын қолдау; Адал еңбекті күрметтеу; Сөзіне берік, ісіне адап болу; Халқына адап қызмет ету; Әдел нормаларын ұстану; Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну;

Күтілетін нәтижесі:

Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды; Достарын, сыныптастарын сыйлайды; Кішіге ізет, үлкенге күрмет көрсетеді.

III Талап құндылығы:

Сыни және креативті ойлау; Жеке және команда мен жұмыс істей білу; Білуге, жаңаны тануға құштар болу; Физикалық белсенді болу; Салауатты өмір салтын ұстану; Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету; Дұрыс қарым-қатынас орната білу; Уақыт пен каржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

Жан мен тәнтазалығын сактайды; Дұрыс тамактану мәдениетін тусінеді; Қоршаған орта тазалығын сактайды;

Тәрбие жұмысының ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт – балаға қамқорлықпен күрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтарымен занды мұдделерін қамтамасыз ету, оларды кемесітүге жол бермеу болып табылады.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» 1) Ұлттық мұлде, 2) Ар-ұят, 3) Талаптәрбие құндылықтары бойынша жүзеге асырылады. Сонымен қатар «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырылатын төмөндегі жобалар жетекшілері бекітіліп, жылдық жұмыстары жүргізілді.

«Окуга құштар мектеп» («Балалар кітапханасы»)

«Балалар және театр»

«Енбегі адаптациясы»

«Ұшқыр ой алаңы»

«Жеткіншектің жеті жарғысы»

«Ұлттық мектеп лигасы»

«Фаламтор қауіпсіздігі»

«Төрт тоқсан – төрт өнер»

«Тогыз айға – тогыз іс-шара»

«Ата-аналар мектебі»

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» ұлттық мүдде, ар-ұят, талап күнділіктери бойынша барлық 11 класс жетекші тәрбие жұмысы жоспарларын құрып, бекітіп, жылдық жұмыстарын жүргізді.

Биылғы оку жылында 11сынып жетекші жұмыс жүргізді, оның 5-зерттеуші, 4-сарапшы, 2-педагог санатында.

Мектепте 1-11 сынып аралығында 11 сынып комплектісі бар. Окушы саны – 150. Оның ішінде ұл-60, қыз- 90

Оның: 1-4 сыныптарда – 66 окушы; 5-9 сыныптарда – 61 окушы; 10-11 сыныптарда – 23 окушы

Актөбе облысының білім басқармасының №2/5049 сандық хаты негізінде «Біртұтас тәрбие – күнділіктер жүйесі» тақырыбында ата-аналар жиналышы және педагогтар жиналышы откізілді. Жиналыш барысында «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» максаты, міндеттері, күтілетін нағижелері туралы және ұлттық мүдде, ар-ұят, талап күнділіктери маңыздылығы төңірегінде акпараттық түсінік жұмыстары жүргізілді.

Сонымен катар мектебімізде «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесінің 2023жылғы 15 тамыздағы №4 хаттамасына сәйкес, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жалпы білім беретін мектептерде ата-аналармен жұмысты жүйелі үйымдастыру максатында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы құрылды. Аталған орталық жанынан 2023-2024 оку жылындағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша «Даналық» мектебі клубы құрылып, жоспары жасакталды. «Даналық» мектебінің жетекшілігіне Қ.Имагамбет бекітілді.

Мектеп директорының бұйрығымен «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жетекшілігіне мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Сәмиева бекітілді. Бағдарламаның жүзеге асырылуы әлеуметтік педагог Қ. Нұғыманға, мектеп психологы А.Тенізбаеваға, және 1-11сынып жетекшілеріне жүктелді.

«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы, «ЖасҰлан» ұйымы, «Балауса және Жауқазын» қыздар ұйымы, Әлеуметтік педагог, мектеп психологы, мектеп

медбикесі, мектеп кітапханашысы, мектепшілік әскери –патриоттық тәрбиенің жоспарлары құрылып, бекітіліп, жетекшілері жұмыстарын жүргізуде.

Мектебімізде үш ақылы «Шебер колдар», «Қылқалам», «Қазақша күрес», үйрмелеріне **60 окушы** қамтылып, жұмыс жасалды. Ал, ақысыз «Әдебиет әлемінде» «Тілдік курстар», «Математика» (математика курстары), «Химия әлемі» (Ғылыми техника бағыты), «Үстел теннисі» (спортық), «Дойбы» (Шахматтық-шашкалық), «Шахмат» (Шахматтық-шашкалық) үйрмелеріне **60 окушы** қамтылып, жылдық жұмыстары жасалды.

Мектеп медбикесі мен мектеп психологы, әлеуметтік педагог, класс жетекшілер бірлесе жүріп жыл бойы жұмыс атқарды.

I оку тоқсанында 81 отбасы балаларынан 150 окушы қамтылды, II тоқсан бойынша 1 отбасының қоныс аударуына байланысты 1 окушы (Ауданбаев Е.) 31 казанда басқа мектепке ауысып кетті, 2 отбасының 3 баласы басқа мектептен ауысып келді, бірінші отбасы баласы Зқарашада (Отаралин Б.), екінші отбасы балалары 7 карашада (Дәуренқызы М., Қайсар Ә.), II тоқсан бойынша 82 отбасының балалары 152 окушы болды, III оку тоқсанында 82 отбасы балалары 152 окушы болып бастап, 2 отбасының балалары 1 акпанды Дәуренқызы М., Қайсар Ә., 8 сауірде Отаралин Б. басқа мектепке ауысып кетуіне байланысты 80 отбасы балалары 149 окушы болып тоқсанды аяқтады. IV оку тоқсаны бойынша өзгеріс болған жоқ.

Тәрбие бағытында бірлескен жұмыс негізінде «Мектепке жол» акциясы бойынша әлеуметтік педагог мектебімізден окушылардың санаттарына байланысты 25 баланы қамтып, оларға «жалпыға бірдей оку корынан» қаржылай көмек берілді, Сондай-ак осы 25 бала қыркүйек айынан бастап ыстық тамақпен каматамасыз етілсе, қыркүйек айының 25 жұлдызынан бастап бастауыш сынып окушылары түгел (53 окушы) және әлеуметтік санаттағы отбасы балалары (25 окушы) ыстық тамақпен қамтылды.

Мектебімізде 2023-2024 оқу жылы бойынша жоспарлы түрде жұмыстар жүргізілуде. Биылғы оқу жылы бойынша Байганин аудандық II болімінде есепке тіркелген, өгей ата-анамен тұратын, қамқорлығының қалған, мектепшілік есепке алынған, діни бағытта жүрген білім алушылар тіркелген жоқ.

Сәтсіз жаңғы санатына 1 отбасы тіркеліп, 1сынып окушысымен жыл бойы жұмыстар жүргізілді.

Құқықтық тәрбиеге байланысты «құқық бұзушылықты болдырмаудың алдын-алу» барысындағы іс-шаралар жоспары және «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа карсы күрес және оның алдын-алу» мақсатында жүргізілетін жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Сонымен қатар құқықтық тәрбие аясында жүргізілетін бірлескен (МДТЖО, әлеуметтік педагог, психолог, медбике) кешенді алдын-алу жұмыс жоспары және 29.12.2015 жылғы КР ПМ №1098 бүйрығымен ПО-ның кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы ережеге сәйкес А.С.Пушкин атындағы

орта мектебімен 2023-2024 оку жылына арналған бірлескен жұмыс жоспары бекітілді.

Сондай-ақ «кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу» мақсатында ата-аналар мен мектеп мұғалімдерінен құралған оперативтік топ мүшелерінің 2023-2024 оку жылына арналған 21:00-00:00 уақыт аралығында тұнгі кезекшілік кестесі құрылып, жұмыс жүргізілді.

2023-2024 оку жылы бойынша Тәрбие жұмысының іс-шаралар барысы «Еңбегі адаптациясындағы жобасы негізінде «Мектеп – мейірім мекені» тақырыбындағы салтанатты жиыннан және «Сәлем, жаңа оку жылы», «Мектеп – мейірбандық мекені» бірынғай тәрбие сағаттарынан бастау алды.

Тәрбие бағытында бірлескен жұмыс негізінде «Мектептегі мінез-құлық ережелері» (мектептің ішкі тәртіп ережелерімен) білім алушылар, педагогтар таныстырылды.

«Еңбегі адаптациясындағы жобасы негізінде «Еңбек күні» мерекелеу бойынша «Менің жетістігім – менің нәтижем» тақырыбында іс-шаралар үйымдастырылды.

“Төрт тоқсан - төрт өнер” ұлттық мәдени-ағартушылық жобасының іс-шаралар концепциясы негізінде I тоқсанда республика күні мерекесіне арналған “Ақындар айтысы” шарасы үйымдастырылды. Мақсаты, ұлттық рух пен патриотизмді, өз халқына және оның дәстүрлеріне құрмет сезімін тәрбиелеу, эмоционалды интеллекті қалыптастыру, айтысты қазақ халқының ұлттық күнділігі, шешендік өнердің баға жетпес мұрасы ретінде дәріптеу арқылы дарынды шығармашыл жастарды анықтау.

«ЖасУлан» үйымы жетекшісі К.Сәбитованың үйымдастыруымен 5-қыркүйек – А.Байтұрсыновтың туған күніне байланысты «Ұлы даланың – ұлт аралық тілі» тақырыбында Қазақстан халқының тілдері күніне арналған және «Ғаламтор куаіпсіздігі» жобасы негізінде «Отбасы күніне» арналған іс-шаралар өткізілді.

«Қайырымды істер марафоны» акциясының іс-шаралар жоспары құрылып, өткізілді.

«Ата-аналар мектебі» жобасы негізінде қыркүйек айында мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысы өтті.

Тәрбие бағытында бірлескен жұмыс негізінде мұғалімдер күніне арналған «Дублёр күні» мектеп парламенті құрамындағы білім алушылардың қатысуымен жүзеге асырылды.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы негізінде КР Мемлекеттік Рәміздерін насыхаттауга арналған іс-шаралар ай сайын жоспарлы түрде өткізіледі.

2023-2024 оку жылының Іоқу тоқсаны бойынша тәрбие бағытында бірлескен жұмыс негізінде жолда журу ережесі 10 күндігі аясында, «Абайлаңыз, балалар!» акциясы барысында қыркүйек айында 8-11 сынып окушыларына «Жолда журу ережелерін білесің бе? тақырыбында ауылдық участекілік полиция инспекторы Т.Ебжасаровпен кездесу өткізіліп, окушыларға акпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Тәрбие бағытында бірлескен жұмыс негізінде 9-11 класс оқушылары аралығында «Мектеп оқушылары арасында бопсалалаушылық, күш көрсету, құқық бұзушылықтың алдын –алу» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жұмыс барысында мектептің ішкі тәртіп ережелерімен таныстырылып, құқық бұзушылықтың алдын-алу туралы түсіндіріліп, кенестер берілді.

8-11 сынып оқушылары аралығында, оқушылардың құқықтық мәдениеттіліктерін арттыру, жат әдеттерден аулак болуға тәрбиелеу мақсатында, ауылдық участекелік полиция инспекторы Т.Ебжасаровпен және мектеп медбикесі Ж.Сақтапбергенованың катысуымен, «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу» тақырыбында акпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мектеп ұстаздары мен кіші қызметкерлер арасында УПИ Т.Ебжасаров «Өлеуметтік желі алайқтарынан сактану жолдары» акпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, бейне көрсетілімдер ұсынды.

«Нашақорлықтың алдын-алу» бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес 5-7 класс оқушылары аралығында, медбике м.у.а. А.Есенжанованың жетекшілігімен «Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді, прекурсорларды тұтынудың салдары» туралы түсінік жұмыстары жүргізілді.

Мектеп психологы А.Тенізбаеваның ұйымдастырымен 8-10 класс ата-аналарына «Есірткінің зияны мен зардабы» тақырыбында психологиялық кенес сабагы еткізілді.

«Нашақорлықтың алдын-алу» бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес 8-10 класс оқушылары аралығында, мектеп медбикесі м.у.а. А.Есенжанованың жетекшілігімен «Нашақорлық қоғам дерті» тақырыбында дәріс сабагы жүргізілді. Мақсаты: есірткі кылмысына карсы іс-кимылды жүргізу және жастар арасында синтетикалық есірткілердің таралуының, пайдаланудың алдын-алу.

8-11 класс оқушылары аралығында мектеп психологының ұйымдастырымен жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазактау, намысқа тиу жағдайларының алдын-алу және сынып ұжымын сыйластықка, бір-біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу мақсатында «Кибербуллинг, Буллинг» туралы акпараттық түсінік жұмыстары жүргізілді.

2023-2024 оку жылының жалпы ата-аналар жиналысының күн тәртібінде «Нашақорлық қауіпті індет» тақырыбында дәріс оқылып, түсінік жұмыстары жүргізілді.

Жас үрпакқа адам деңсаулығының қымбаттылығын, денені шындауға, шымыр да шапшан, ұқыпты болуға тәрбиелеу мақсатында, «Нашақорлықтың алдын-алу» бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес 9 класс оқушыларына «Біз салуатты өмір сүреміз» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Оқушыларды зиянды нәрселерден сактануға, жат әдеттерден аулак болуға тәрбиелеу мақсатында, ауылдық участекелік полиция инспекторы Т.Ебжасаровпен және мектеп медбикесі Ж.Сақтапбергенованың катысуымен, 8-11 сынып

окушылары аралығында, «Есірткі, психотроптық заттарды, прекурсорларды тұтынудың салдары» тақырыптарында акпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

А.С.Пушкин атындағы орта мектебінде 2023-2024 оку жылының Іоқу тоқсаны бойынша жасөспірімдерге есірткі – бүкіл ағзаны күртатын у екенін ұғындыру, тәуелділіктін пайда болуын түсіндіру, салауатты өмір салтын сақтай білуге тәрбиелеу мақсатында, 8-11 сынып окушылары аралығында «Синтетикалық есірткі» тақырыбында дәріс сабагы жүргізілді. Окушыларға бейне көрсетілім ұсынылып, есірткінің зардабы туралы түсіндірілді.

Мектеп медбикесі ұстаздар мен окушылардың сабакқа келген уақытында денсаулық жағдайларын күнделікті бакылап, тазалықтары үнемі тексеріліп отырады.

Мектеп психологы әрдайым окушылармен тығыз байланыста болып, әртүрлі сауалнамалар, тренингтер өткізіп, окушының күнделікті көңіл-күйін қадағалайды.

Окушылардың күнделікті сабакқа қатысымдарын класс жетекшілер, кезекшілер тексеріп, журналды толтырып отыр және сабактан себепсіз қалып жатқан окушы жок.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы негізінде 25казан – Республика күніне арналған іс-шаралар жоғары деңгейде аталып отті.

«Ұлттық меткеп лигасы» жобасы аясында Республикалық "Алтын сақа" үчеллендік II оку тоқсанында 17 караша күні мектебіміздे ұлттық ойындар "Бес тас", "Асық ату" ойындары ұйымдастырылды. Мақсаты қазақ халқының бұл ұлттық ойындары окушыларға тарихи-мәдени мұрасын құрметтеуді қалыптастыру, батылдықка, тәзімділікке тәрбиелеу, ептілікті, қырағылықты және дәлдікті дамыту.

Ақтөбе облыстық әдістемелік оргалығының жоспары негізінде «Кыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында «Жауқазын» қыздар ұйымының іс-шаралары жүргізілді. «Фаламтор қауіпсіздігі» жобасы негізінде «Қауіпсіз терезелер» республикалық акпараттық науқаны аясында іс-шаралары өткізілді.

Окушылардың күзгі демалысын тиімді ұйымдастыру бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілді.

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Фылыми-әдістемелік Кеңесінің 2023жылғы 15 тамыздағы №4 хаттамасына сәйкес, «Біртұтас тәрбие бағадарламасы» аясында жалпы білім беретін мектептерде ата-аналармен жұмысты жүйелі ұйымдастыру мақсатында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» оргалығы кабинеті ашылды. Тұсау кесу рәсімінде мектебіміздің ардагер ұстаздары Ә.Сәдуақас, Қ.Шәтен және «Шуақ» аналар мектебі клубы аналары шақырылды.

«Адал ұрпақ» жобасы аясында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылды жүзеге асыру жөніндегі 2023жылға арналған жоспарына сай «сыйбайлас жемқорлықсыз өмір» тақырыбында А.Сейтова 11 класс окушыларына таным сағатын өткізіп, мектеп тәлімгері «Ар-ұждан адалдық белгісі» атты 5-7 класс окушылары аралығында бейнекөрсетілім ұсынып, акпараттық түсіндірме жұмысын жүргізді. Эр ай сайын «Адалдық сағаттары» өткізілді.

Тәрбие бағытында бірлескен жұмыс бойынша «Қатыгездіксіз, зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқанының жоспарына сәйкес «Ұшқыр ой» дебат клубы жобасының ұйымдастыруымен «Корлық пен зорлықта қоғамда жол жоқ» тақырыбында пікірсайыс, «Мектеп парламенті» жобасы мүшелерінің ұйымдастыруымен «Бала құқығы – адам құқығы» тақырыбында эссе, 7 класс жетекшісі «Қатыгездіксіз, зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты сынып сағатын, 5-бекласс жетекшілері «Зорлық-зомбылықсыз өмір» атты сынып сағатын, «Зорлық-зомбылыққа заң жол бермейді» тақырыбында УПИ Т.Ебжасаровтың қатысуымен 8-11 класс окушылары аралығында таным сағаты, 2 класс жетекшісі «Отбасы және бала тәрбиесі» атты ата-аналар жиналышы, «Тұнгі қаладағы балалар» рейд жұмысы жүргізді.

«Жол қауіпсіздігі апталығы» кең ауқымды акциясы бойынша «Жсаулан» ұйымы жетекшісінің ұйымдастыруымен «Сенің жолаушың бала» атты орта білім алушыларына ақпараттық түсіндірме жұмыстары, «жол полиция қызметкерлерімен кездесу» бойынша УПИ Т.Ебжасаровтың қатысуымен 8-11 класс окушылары аралығында ақпараттық түсіндірме жұмыстары, МАД тобы жетекшісі «Жүргізушіге хат» акциясы, 10-11 класс жетекшілер жолда жүру ережелеріне байланысты бейне көрсетілімдер ұсынып, мектеп психологы «Отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі» тақырыбында 6-8 класс окушылары аралығында сауалнама алдын, 1-4 класс окуышылары аралығында «Жаяу жүргінші – назар аудар» тақырыбында плакаттар байқауы өткізіліп, жұмыстар жүргізді.

«Ата-аналар мектебі» жобасы аясында «Жауказын» қызы балалар ұйымы жетекшісінің ұйымдастыруымен «Алтын» алқа орденімен марапатталған көп балалы ана Қарасаева Акжайық, «Күміс» алқа орденімен марапатталған көп балалы ана Ж.Сахтапбергеновалардың қатысуымен «Қызым, сен тыңда!» тақырыбында донгелек үстел өткізілді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыру мақсатында 4 класс ата-аналарына «отбасы және бала тәрбиесі тақырыбында ата-аналар жиналышы өткізілді.

«Дүниежүзілік балаларды корғау күніне» орай «Тұнгі қаладағы балалар» атты тұнгі кезекшілік, 5-9 класс окушылары аралығында «Бала құқығы – асыл қазына» атты эссе жұмысы жаздырылдып, 5-бекласс окушылары аралығында «Менің құқықтарым» тақырыбында викториналық сайыс сабак, «Тегін білген текті елдің ұрпағымыз» атты этно-ұлттық шебер класс, 1-4 класс окуышылары аралығында «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында «Мен бақытты баламын» отбасылық спорттық жарыс ұйымдастырылдып, жүргізілді.

«Даналық мектебі» клубының іс-шаралар жоспарына сай бастауыш сынып окушыларының ата-аналарын педагогикалық қолдау мақсатында «Әрбір бала – жарық жүлдэз», «Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз?» тақырыбында психологиялық сауалнама алдын, «Бала – отбасы айнасы» тақырыбында ата-аналармен психологиялық кенес сабагы жүргізілді. Сонымен қатар «Жасөспірімдермен карым-катынас күпиялары» атты 9-класс окушыларына психологиялық кенестер беріп, түсіндірме жұмысы жүргізілді. 10-11 класс

окушылары аралығында «Мамандық әлемінде» атты дөңгелек үстел өткізді. Сондай-ақ «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» атты 5-7класс окушылары арасында дөңгелек үстел, 9-10класс окушылары аралығында «Әжелер сөзі – ақылдың көзі» атты дөңгелек үстел, 9-11сынып ер балалары аралығында «Ағасы бардың жағасы бар» атты даналық сағаты, 8-11класс қыз балалары аралығында «Қызы гүмірдің қулиялары» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жасақталған бұрышқа жана әдеби кітаптар, көркем шығармалар, шағын мысал жинақтары, балалар әдебиеттері койылды.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жағдайындағы, КР Мемлекеттік рәміздерін қастерлеуге арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтаныш» тақырыбында 1-11кластар аралығында сынып сағаттары, таным сағаты, кітап көрмесі өткізілді.

Тәрбие бағытында бірлескен жұмыс негізінде «Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы құрес» күні аясында 9-11класс окушылары аралығында мектеп медбикесінің түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, сурет көрмесі өтті.

«Балауса» қыз балалар үйімінің жоспарына сай «Қызы тәрбиесі – ұлт болашағы» тақырыбында 5-7класс қыз балалары аралығында жиналыс өткізіліп, қыз балаларға кенестер беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

9-желтоқсан халықаралық сыйбайлас жемқорлықка карсы құрес күніне орай «ЖасҰлан» үйімі жетекшісінің үйымдастыруымен «Адалдық – адамдықтың белгісі» тақырыбында 9-класс окушылары арасында челлендж өтті және мектеп психологы «Сенім кілті – адалдық» атты жоғары сынып окушылары арасында анонимді сауалнама жүргізді.

«Балалар және театр» жобасы негізінде 16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай 1-класс жетекшісі білім алушыларына «Тәуелсіздік таны атты», 2-класс жетекшісі «Тәуелсіздік – тұғырым», 3-класс жетекшісі «Тәуелсіз Қазақстаным», 4-класс жетекшісі «Тәуелсіздің», 5-класс жетекшісі «Тәуелсіздік туы желбірейді», 6-класс жетекшісі «Тәуелсіздікке 32жыл» тақырыптарында сынып сағаттарын өткізді.

«Жаңа жыл» мерекесіне орай МАД тобы мен Шағын орталық тәрбиеленушілері, бастауыш буын, орта буын, жоғары буын білім алушылары кесте бойынша іс-шара өткізілді. Сонымен қатар барлық білім алушыларға пиротехникалық ойыншықтар, шартылдақтардың балаларға арналған ойыншықтар емес екені туралы акпараттық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

II оқу тоқсаны бойынша «Ата-аналар мектебі» жобасы негізінде мектепішілік жалпы ата-аналар жиналысы өтті.

«Жаңа жыл» мерекесіне орай мектеп ғимаратын төтенше жағдайлардың алдын-алу және кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында мектеп мұғалімдерінен күралған кезекшілік кестесі құрылыш, өткізілді.

«Окуға құштар мектеп» жобасы іске асыру мақсатында оқушылардың демалысын тиімді үйымдастыру негізінде «Қыста кітап оқимыз, жадымызға токимыз» атты іс-шаралар жоспары құрылып, білім алушыларға кітаптар тізбесі ұсынылды.

III оку тоқсаны «Студенттік өмір – игі өмірдің бастауы» тақырыбында мектебіміздің түлеп үшкан студенттерімен кездесу кешінен бастау алдып, «ЖасҰлан» үйымының үйымдастыруымен өткізілді.

«Адал үрпак» жобасы аясында сыйайлас жемқорлықка қарсы іс-кимылды жүзеге асыру жөніндегі 2024жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес педагогтар арасында «Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жүргізу», «Алаяқтықтың алдын-алу», «Асыл қасиет – адалдық, асыл қасиет – адамдық», «Желі алаяқтарынан сактанудың жолдары», «Сыйайлас жемқорлық індет – оны жою міндет», «Алаяқтық – алдаң соғушылық», «Адалдық сыйайластыққа жол бермейді» және оқушылар арасында «Сыйайлас жемқорлықсыз қоғам», «Желі алаяқтарынан сактанайық», «Абайланыз, интернет-алаяқтық», «Сыйайлас жемқорлыққа қарсы күрес қагидалары», «Алаяқтықтың алдын-алу және оған қарсы күрес», «Сыйайлас жемқорлықсыз болашақ», «Алаяқтық фактілерінің алдын-алу», «Адал үрпак – жарқын болашақ», ата-аналар арасында «Сыйайлас жемқорлықтың алдын-алу», «Сыйайлас жемқорлықсың әлем», «Сыйайлас жемқорлықпен күресу баршамыздың міндетіміз», «Алаяқтықты қалай ажыратамыз?» тақырыптарында ақпараттық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар «Шынайы және сатылмайтын еңбек» атты адалдық дүкені үйымдастырылды.

17қаңтар мен -17ақпан аралығында «ДОСБОЛLIKE: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» акциясының іс-шаралар жоспарына сәйкес «Шығармашылық ынтымақтастық», «Кіші зияткерлік академия», «Спорттагы достық», «Шеберлер қаласы», «Көтерінкі көңіл-күй», «Еріктілер» тақырыптарында іс-шаралар жүргізілді.

12ақпан -16ақпан аралығында «Занды білу – заман талабы» атты құқық апталығының іс-шаралар жоспары құрылып, «Жасөспірім – Заң – Кауіпсіздік», «Зорлық-зомбылыққа қарсымыз», «Көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық қылмыстарының алдын-алу», «Занды білу – заман талабы» тақырыптарында апталық жұмысы жүргізілді.

«Ата-аналарды педагогикалық колдау орталығының» «Даналық мектебі» жоспарына сәйкес «Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі», «Бабалар дәстүрі үрпаққа өснет», «Әжемнің ертегісін тыңдаймын», «Жақсыдан қашпа, жаманга баспа», «Қыздар білуі тиіс...», «Қызым саған айтам...», «Әкені көріп үл өсер, шешені көріп қыз өсер» атты тақырыптарында өтті.

«Мектеп парламенті» жобасы жоспарына сәйкес «Мен ерекше баламын тақырыбында мүмкіндігі шектеулі, ерекше білім беруді кажет ететін оқушыларға арналған қайырымдылық шара үйымдастырылды. Сонымен қатар мектеп психологы А.Теңізбаева мен логопед маманы А.Дауылбайдың үйымдастыруымен «Ата-анам – байлығым, балам – бақытым» атты дәңгелек устел өткізілді. Наурыз мерекесіне орай «Мектеп парламенті» жобасы мүшелерінің үйымдастыруымен «Сұлу әйел, асыл ана,

ибалы қыз» атты 5-7сынып қыз балалары аналары және женгелерінің катысуымен байқау өтті.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім беру үйымдарында өткізілетін «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы білім алушылардың ұлттық құндылықтарын қалыптастыру шеңберінде ай сайынға іс-шараларды өткізуге бірыңгай кезқарасты қамтамасыз етуге бағытталған. Іс-шаралардың тақырыптары, ережелері, мазмұны бірыңгай тәсілдеме арқылы жүзеге асырылады.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «**Тоғыз айға – 9шара**» жобасы негізіндекіркүйек айында «Сергіту сәті», 20 казан күні «Әнұран айту», 17 қараша күні «Асық ату», 20 желтоқсан күні «Шығарма жазу: болашақта хат», 26 қантар күні «Қазақ есебі», 28 акпан күні «Оқуга күштар мектеп», 20 наурыз күні «Күй күмбірі домбырашылар», 18 сәуір күні «Шахмат ойнау», 6 мамыр күні «Жасыл мекен» чөллендіктері ата-аналар, ұстаздар, білім алушылар арасында жоғары көлемде үйымдастырылып өткізілді.

«Енбегі адап жас өрен» жобасы аясында «Коғамға қызмет» волонтерлік клубының іс-шаралар жоспары негізінде «Қарттарым – асыл қазынам» атты жалғыз басты зейнеткер қарттарға кол көмек көрсету бойынша ауылымыздың зейнеткер бір отбасына еріктілер тобы барып, аула ішін қардан тазалау және қатты отынын жинақтау жұмыстарына кол көмектерін берді.

Көсіптік бағдар жоспарына сәйкес «Енбек ерлікке бастайды» атты еңбек ардагерімен және зейнеткер ұстазбен кездесу өткізілді. Сондай-ақ 9-11 сынып оқушылары аралығында және ата-аналарына «мамандық таңдау – өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалау» тақырыбында «Байганин техникалық колледжінің» ұстаздарының катысуымен ақпараттық түсінік жұмысы жүргізілді.

«Ұшқыр ой» дебат клубының жетекшісі А.Қанатұлының жетекшілігімен «Мемлекеттік рәміздердің мәртебесі», «Салауатты ұрпақ – сау ұрпақ», «Ұлттымыз Ұлыстың Ұлы күнін ұлықтайды тақырыптарында пікірсайыстар өткізді.

«I-наурыз – Алғыс айту күніне» арналған іс-шаралар жоспары құрылып, «Тариз ғибраты» атты онкүндік, «Алғыс айту – парызың...», «Алтын жүрек», «Алғысым шексіз сіздерге...», «Арамыздығы қаһармандар», «Алғыстың шегі жоқ», «Ұстазыма мың алғыс!», «Алғыс айту парызым» тақырыптарында шаралар өтті.

«Ата-аналар мектебі» жобасы негізінде «8-наурыз – халықаралық әйелдер күні» мерекесіне арналған іс-шаралар жоспарына сай «Ана – дана, ана – дара» балалар хоры, «Әлем арулармен әсем» чөллендік, «Сен үшән ананың орны қандай?» сұхбат, «Әже мен немере» өнеге сағаты, «Өмір сыйлаған ана» сурет көрмесі, «Әлемнің жарығын сыйладың сен маган...» мерекелік шара өткізілді.

«Балалар және театр» жобасы аясында «22-наурыз – Наурыз мерекесіне» арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес «Амал келді, жыл келді» атты тәрбие сағаттары, «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» ұлттық киім шеруі, «Ұлттымыз Ұлыстың Ұлы күнін ұлықтайды» пікірсайыс, «Бабаларымыздан калған асыл қазына» ұлттық ойындар,

«Наурыз дастархан» азық-тұлік корзинасы, «Наурыз кеші» танымдық кеш, «Ұлттық өнер» колөнер көрмесі, «Қош келдің, әз Наурыз!» мерекелік шара өткізілді.

Тәрбие бағытында бірлескен жұмыс негізінде «Құқық бұзушылықты болдырмаудың алдын-алу» барысындағы іс-шаралар жоспарына сай «Занды білу – заман талабы» атты құқық апталығы аясында «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық қылмыстарының алдын-алу» тақырыбында жоғары сынып ата-аналары жиналысы, «Түнгі қаладағы балалар» рейд жұмысы және Ақтөбе облысының білім басқармасының 2024жылғы 29қантардағы №01-14/298 санды хатына сәйкес Синтетикалық есірткінің және нашақорлықтың алдын-алу бойынша жоғары сынып оқушылары аралығында және ата-аналар арасында «Вейп – денсаулыққа өте қауіпті!» тақырыбында презентация, бейне көрсетілімдер ұсынылып, ақпараттық-түсінік жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар оқушылардың көктемгі демалыстарын тиімді пайдалану мақсатында жоспар құрылып, жұмыстар жүргізілді.

«Қауіпсіз жол!» акциясы барысында бастауыш буын оқушыларына «Жолда журу ережелерін білесің бе? тақырыбында ауылдық участекілік полиция инспекторы Т.Ебжасаровпен кездесу өткізіліп, оқушыларға ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Ақтөбе облысының білім басқармасының 29.02.2024жылғы №01-14/611 санды хатына сәйкес жол көлік оқигаларының алдын-алу және жол қозгалысы ережелерін сактау мақсатында участекілік полиция инспекторы Т.Ебжасаровтың қатысуымен жоғары сынып оқушылары арасында «Қауіпсіздік – басты міндет», орта буын оқушылары арасында «Жол қауіпсіздігін сактаймыз», бастауыш буын оқушылары арасында «Бала және бағдаршам» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы негізінде КР Мемлекеттік Рәміздерін қастерлеп құрметтеуге тәрбиелеу бағыты бойынша атқарылатын іс-шаралар жоспарына сәйкес «Мемлекеттік рәміздердің мәртебесі» тақырыбында пікірсайыс, «Мемлекеттік рәміздер – тәуелсіздігімнің нышаны» атты эссе жазу жұмысы, «Мемлекеттік рәміздер – ел егемендігі мен тәуелсіздігі» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

«Төрт тоқсан - төрт өнер» жобасы аясында III оку тоқсанында «Ұлттық өнер» көрмесі отті. мақсаты: Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық әлеуетін ашу. мәдениет пен өнер арқылы әдемі әлемге баулу, ел тарихына маңыздылығы мен катыстырылғын арттыру, отансұйғаштікке және тұган өлкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, мәдени мұраны сактау.

Мектеп оқушыларының көктемгі демалыс кезіндегі іс-шаралар жоспарына орай «Құқықтық сауаттылық пен құқықтық мәдениетті калыптастыру» тақырыбында 5-сынып оқушылары аралығында К.Суғирбаеваның жетекшілігімен таным сағаты өткізіліп, «Ұміт сәулесі» тақырыбында қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып, мектебіміздің әлеуметтік жағдайына байланысты аз қамтылған отбасы санатындағы

5 окушыга 4оку тоқсанына дайындықтарын арттыру мақсатында оку құралдарынан көмек берілді.

Окушылардың көктемгі демалысын тиімді үйымдастыру бойынша жоспар құрылып, жұмыстар жүргізілді.

Ақтөбе облыстық білім басқармасының 27.03.2024жылғы №01-14/905 санды хатына сәйкес қыз бала тәрбиесі мен ерте жүктіліктің алдын-алу мақсатында «Қыз бала тәрбиесі және ерте жүктіліктің алдын-алу» тақырыбында мектеп медбикесі мен Алтай дәрігерлік амбулаториясының медбикесі Ж.Жұмагалиеваның қатысуымен 8-11сынып қыз балалары аралығында тәрбие сағаты өтті.

Ақтөбе облыстық білім басқармасының 27.03.2024жылғы №01-14/906 санды хатына сәйкес мемлекет басшысының 2024жылғы 12ақпандагы №24-845 тапсырмасы негізінде Жоши ұлысының 800жылдығына арналған 5-бсынып окушылары аралығында тарих пәні мұғалімі Б.Қайрбаеваның жетекшілігімен «Жоши ұлысына 800жыл» атты тәрбие сағаты өткізілді.

Тәрбие бағытында бірлескен жұмыс негізінде білім алушылардың жыныстық тәрбие бойынша онқұндік шара жоспарына сай жоғары сынып жетекшілері Т.Елшинбекова мен А.Сейтованың үйымдастыруымен «Үлттық дәстүрлер арқылы оку-тәрбие процесінде адамның рухани мәдениетін қалыптастыру» тақырыбында 10-11сынып окушылары арасында тәрбие сағаты, мектеп медбикесі Ж.Сахтапбергенованың үйымдастыруымен «Кәмелеттік жасқа жетпей жыныстық катынаска түсудің қаупі мен зардаптары» тақырыбында Алтай дәрігерлік амбулаториясының медбикесі Ж.Жұмагалиеваның қатысуымен 8-11сынып қыз балалары аралығында дәріс сабагы, «Жауказын» қыз балалар үйымының жетекшісі Р.Толегенованың жетекшілігімен «Ерте жүктіліктің қауіп-қатері» тақырыбында үйым отырыс өткізіліп, кеңестер берілді. Сонымен қатар «Жігер» ер балалар мектебі клубының жетекшісі Ж.Қарасайдын үйымдастыруымен «Құқықтық жауапкершілік», «Жыныстық тәрбие», «Интернет кеңістігіндегі қауіпсіздік», «Рухани адамгершілік тәрбиесі» тақырыптарында АӘД жетекшісі Ә.Нұралы және кәсіподак үйимы жетекшісі А.Кемаладиновтың қатысуымен 8-11сынып ер балалар аралығында ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ мектеп психологы А.Тенізбаеваның үйымдастыруымен орта буын қыз балалары аралығында «Өмірлік мотивация» тақырыбында тұлғалық дамуға арналған түсіндірме жұмысы және «Қыз қылышымен көрікті» атты қыз балаларға арналған психологиялық тренингі өткізілді.

«Ата-аналар мектебі» жобасы негізінде орта буын ата-аналарына «Психологиялық қауіпсіздік» атты психологиялық-педагогикалық көмек және қолдау көрсету мақсатында түсіндірме жұмысы жүргізілді. «Балам үйде – қылышы түзде...» тақырыбында 9-сынып жетекшісі Б.Қайрбаеваның жетекшілігімен ата-аналарға дөнгелек үстел өткізілді.

Елімізде болып жатқан төтенше жағдайға байланысты, окушылардың өмір қауіпсіздіктерін сактаудың алдын-алу мақсатында бастауыш, орта, жоғары буын білім алушыларына «Су тасқыны» тақырыбында ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мектебімізде 4-сәуір күні «Төтенше жағдай кезіндегі эвакуациялық жаттығуды дайындау және откізу» жоспарына орай «Оқытушы құрамның және окушылардың өрт кезіндегі іс-әрекеттері» тақырыбында өрт жағдайындағы эвакуациялық жаттығу басшылық, оқытушы құрам, окушылардың қатысуымен өтті.

«Адал ұрпақ» жобасы аясында сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыру жөніндегі 2024жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес мектеп директорының міндетін атқарушы Ж.Тоқаеваның жетекшілігімен бастауыш буын, орта буын ата-аналарына зансыз каражат жинамау туралы «Жемқорлыққа жол берме» атты акпараттық түсіндіру жұмысы жүргізіліп, қазіргі уақыттағы «алаяқтық фактілерінің алдын-алу» бойынша кенестер берілді. Сонымен қатар жоғары сынып окушылары арасында адамгершілік касиеттерін арттыру мақсатында «Азаматтық белсенділігінді арттыр» тақырыбында сыйбайлар жемқорлық туралы және «Алаяқтық әрекеттерден сақтану» атты алаяқтардан сақ болу туралы түсінік жұмыстарын жүргізді. 9-сынып окушыларына «Адалдық және сырбайлық – шынайы адам келбеті» және «Алаяктар қалай алдайды» тақырыптарында акпараттық түсінік жұмыстары жүргізілді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша 2023-2024 оку жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспарына сай, мектеп аумагын қоғалдаандыру, абаттандыру негізінде «Табиғат тамашалары» тақырыбында ерікті сенбіліктер ұйымдастырылды.

«Мектеп парламентінің» жоспарына сәйкес «Көтерінкі көңіл күй» атты көңілді қонырау шарасы өткізілді.

«Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес және оның алдын-алу» мақсатында жүргізілетін жұмыс жоспарына сәйкес «Тұлғаның өзін-өзі қалыптастыру» тақырыбында түсінік жұмысы жүргізіліп, «Мен – жеке тұлғамын» атты тренинг өтті.

2023-2024 оку жылына арналған «Ақпараттық түсіндіру тобының» іс-шаралар жоспарына сәйкес «Діни тәрбиеге көзкарас» атты 9-сынып окушыларына мектеп медбикесі Ж.Сахтапбергенованаң жетекшілігімен түсінік жұмыстары жүргізілді.

Байганин аудандық терроризмге қарсы комиссиясының №1 хаттамасын орындау мақсатында 2024жылдың 18сәуірі күні акпараттық түсіндіру тобының мүшелері Меделбаев Куаныш Серікұлы, Күмісбек Думан Асқарұлының қатысуымен «Ұлттық құндылық – тәрбие өзегі» тақырыбында 9-11сынып окушылары аралығында ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Нашақорлықтың алдын-алу іс-шаралар жоспарына сай «Жастар есірткіге қарсы» тақырыбында 9-11сынып окушылары аралығында дөңгелек үстел және «Есірткі мен психотроптық заттарды тұтыну қаупі мен салдары» тақырыбында дәріс сабагы мектеп медбикесі Ж.Сахтапбергенованаң жетекшілігімен өткізілді.

Мектебімізде балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша «Даналық мектебі» клубының іс-шаралар жоспарына сай 4-сынып жетекшісі М.Төлештің ұйымдастыруымен «Күмар

оыйндары – тәуелділік қақпаны» тақырыбында бастауыш оқушыларына бейне дәріс сабағын өткізді.

Актөбе облыстық әдістемелік орталығы Үлттық ғылыми-практикалық деңе тәрбиесі орталығының 17.04.2024жылғы №01-06/0072 хатына сәйкес, 19 сәуір күні жазғы Олимпиада оыйндарына және Олимпиада женімпаздарына арналған, деңе шынықтыру пәні мұғалімі А.Кемаладиновтың ұйымдастыруымен «Олимпиадалық хартия» тақырыбында 3,5 сынып оқушылары аралығында ашық сабак өтті.

Байганин аудандық әкімдігі 2024жылдың 02сәуір күні №96 хаты негізінде Байганин ауданының елді мекендерін санитарлық тазалау, абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сай мектеп ұстаздары мен кіші қызметкерлер ерікті түрде мектептің сыртқы аландарына сенбілік жұмыстарын жүргізді.

Сартогай селолық округі әкімі А.Махан және әкімшілік қызметкері Ә.Қызыр мектеп ұстаздары мен кіші қызметкерлеріне азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүзеге асыру кезінде сактық шаралары туралы, мобиЛЬДІ косымшаларды пайдалану, алаяқтық жасағаны үшін жауапкершілік туралы түсінік жұмыстары ұйымдастырылып, аудан прокуратурасынан келген заңдылықты бұзушылықты жою туралы ұсыныммен таныстырылды.

Байганин ауданының тотенше жағдайлар болімінің 2024жылғы 19сәуірдегі №21-04-22-5/91-И санды катына сәйкес 1-11сыныптар аралығында «Суда шомылу ережелері мен қауіпсіздік шаралары туралы нұсқаулығы» таныстырылып, бейне көрсетілімдер ұсынылды.

Актөбе облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің тапсырмасына сай мектеп медбикесі Ж.Сахтапбергенова 8сынып окуышарына «Жұқпалы аурулар» тақырыбында түсіндірме жұмысын жүргізді.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы негізінде 1 мамырға орай ұйымдастырылған іс-шаралар жоспары негізінде бастауыш буын оқушыларының катысымен «Құстарға ұя сыйла» атты экологиялық акция өтті, 1-4сыныптар оқушыларына «Казақстан – біздің сүйікті, ортақ Отанымыз» тақырыбында диктант, 5-11сынып оқушылары аралығында эссе жұмысы жаздырылды, 5сыныпқа «Ынтымағы жарасқан, туған өлкем – Қазақстан» тақырыбында бірлік сабағы өтті.

«Тоғыз айға – 9шара» жобасы негізінде мамыр күні «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын қолдау мақсатында «Түлектердің ағаш егу» республикалық челленджі өткізіліп. 9,11 сынып түлектері мектеп аласына 18 түп ағаш отырғызды.

«Енбегі адал жас өрен» жобасы негізінде 7 мамыр Отан қорғаушылар күніне орай «Отан оттан да ыстық» тақырыбында АӘД жетекшісі Ә.Нұралының орта буын білім алушыларымен кездесу сафаты, «Ерлік сабағы» әскери-патриоттық оку дала жиыны 10-11сыныптар арасында, 9-11сынып оқушылары арасында «Ерлік үрпакқа мұра» атты тәрбие сафаты, 5-11 сыныптар арасында «Ұранды елдің үрпағы қайса» атты патриоттық әндер байқауы ұйымдастырылып өткізілді.

«Балалар және театр» жобасы негізінде 9 мамыр Жеңіс күніне орай 5сынып окушыларына «Ерен ерліктері есімізде» атты батыр аталарымызды ұлықтау сабагы, «Бабаларға ұрпағынан хат» тақырыбында эссе жұмысы жаздырытылып, «Жеңіс хаты» акциясы, «Ардагерім – ардагым» акциясы, «Желбірей бер, Жеңіс туы, мәңгілік» атты бейне құттықтау шаралары өтті.

«Ата-аналар мектебі» жобасы негізінде 12 мамыр «Аналар күн» мерекесіне орай «Менің анам» тақырыбында шығарма байқауы өтті.

15 мамыр «Халықаралық Отбасы күні» мерекесіне орай «Менің отбасым» сурет көрмесі, таным сағаты өтті.

«Төрт тоқсан - төрт өнер» жобасы аясында IY оку тоқсанында «**Тұған өлкем**» фестивалі ұйымдастырылды. **Мақсаты:** Оқушылардың белсенді азаматтық ұстанымын дамыту, отансүйгіштік пен азаматтық сезімін тәрбиелеу, салауатты өмір салтын насиҳаттау, тұған өлкені зерделеу арқылы туристік-өлкетену қызметін жандандыру.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» тұжырымдасына енгізілген дәстүрлі тарихи мәдени құндылықтар негізінде «Әншуақ» фестивалі А.Құлбаева «Уш бақыттым», А.Маратова «Біз Отанның ұланымыз», Ш.Молдагалиева «Ертегілер әнін» орындал, катысты.

Атакты ғалым Қаныш имантайұлы Сәтбаевтың 125 жылдық мерейтойына орай «Адам өміріндегі ғылым» тақырыбында 2-11сыныптар арасында диктант жаздырылды.

«Окуға құштар мектеп» жобасы аясында «Өзің оқы, өзгеге ұсын» атты буқорсингке 7 сыныптан А.Құлбаева, Ү.Сергазина катыстырылды.

«Даналық мектебі» клубы жоспарына сай «Сырласайық женеше...», «Әже ұрпактың жүргегі», «Ағалар ізімен...» атты даналық сағаттары өткізілді.

Ата-аналарды педагогикалық колдау бойынша «Отбасылық құндылықтар» тақырыбында ата-аналар арасында шеберлік сағаты өтті.

23-мамыр күні әр сыныпта «С.Нұрмагамбетов – халық үшін туылған батыр» тақырыбында бірыңғай сынып сағттары өткізілді.

24- мамыр күні 2023-2024 оку жылының аяқталуына орай 1-10сыныптар арасында «Білімім Отаным» атты жалпы республикалық бірыңғай сынып сағаттары өтті. 9,11 сынып түлектері «Мен.Мектеп.Ұстаз» тақырыбында эссе жазды. Сынып сағаттары КР Әнұранымен басталып, КР Оку-ағарту министрінің жалпы республикалық білім алушыларға арнаған бейне құттықтауы ұсынылып, сынып жетекшілерінің окушылардың жыл бойы жеткен жетістіктерінен бір минуттық бейнеролик әзірленіп көрсетілді.

«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында 1,4- сынып окушылары бірыңғай сынып сағатынан кейін «Әлем балалар көзімен» атты асфальтта сурет салды және 8-11-сынып окушылары «Көнілді марафон» атты спорттық сайыс өткізді.

2023-2024 оку жылшының аяқталуына орай 24-27 мамыр күндері аралығында, мектеп бітірушілердің қозғалысын бақылау және көмелетке толмағандар арасындағы құқык бұзушылықтың алдын-алу мақсатында түнгі қзекшілік кестесі құрылыш, түнгі рейдтік жұмыстар жүргізілді.

25 мамыр күні мектеп түлектері үшін «Мектебім, саған мың алғыс!» тақырыбында салтанатты жиын өткізді. Жиынга түлектердің ата-аналары, ұстаздар, ардагер ұстаз Қ.Шәтенқызы, Сартогай селолық округінің әкімі А.Махан қатысты.

Ақтөбе облысының білім баскармасының 2024 жылғы 23 мамыры күнгі №01-14/1623 санды хатына сай бастауыш және орта буын окушыларына «Сенің куанышқа толы демалысын» атты гайдбуктер таратылып, сынып жетекшілері түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

«Халықаралық балаларды қорғау күні» аясында «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру үлттық ғылыми-практикалық институты коммерциялық емес акционерлік қоғамының «Балажан» науқаны негізінде «Бақытты балалық шақ» тақырыбында бастауыш буын ата-аналары арасында психологиялық тренинг, «Толағай» отбасылық спорттық жарысы және «Біз театр алеміндеміз» атты театрландырылған койылым көрсетілді.

Тәрбие бағыты негізінде бірлескен жұмыс неізінде «Ата-аналар мектебі» жобасы аясында 30 мамыр күні мектепшілік жалпы ата-аналар жиналышы өтті.

I маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнін мерекелеуге арналған «Алтын балалық шақ» декадасының іс-шаралар жоспары құрылыш, жұмыстар жүргізілді.

Окушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектеп жаңындағы «Жалын 2024» жазғы демалыс лагері бағдарламасы құрылыш, жоспары жасалып, II ауысым бойынша жұмыс жүргізілді. I ауысым 03.06.-19.06.2024ж. мерзімі аралығында 78 окушы, оның 24-ыстық тамақпен (әлеуметтік санатына байланысты), 54 окушы ыстық тамақсыз өз жұмысын жүргізді, II ауысым 24.06.-10.07.2024ж. мерзімі аралығында 61 окушы ыстық тамақсыз өз жұмысын жүргізбек.

Наурыз айында «QH Жаздық жолдама – 2024» қайырымдылық жобасы бойынша Сартогай ауылдық округінің әкімі А.Махан табыстаған сертификат негізінде мектебіміздің әлеуметтік санатына байланысты Зокушы: Өтегенқызы Альбина (аз қамтылған отбасы), Тұралы Жамал (көп балалы отбасы), Көшербай Акпейіл (үздік окушы) Ақтөбе қаласы сыртындағы «Әсем» демалыс лагеріне ұсынылып, 11.07.-20.07.2024ж уақыты аралығында жазғы демалыстарын көнілді өткізбек.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы негізінде 4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздер күні аясында жоспар бойынша іс-шаралар өткізілді.

«Құқықтық мәдениеті» жобасы аясында 1-12 маусым аралығындағы «Бала еңбегін қанауга қарсы 12күн» үлттық акпараттық науқанының жоспары бойынша іс-шаралар жүргізілді.

16 маусым – «Әкелер» күніне арналған іс-шаралар жоспарына сай «Әке, саған мың алғыс!» алғыс айту чөллендік, «Әкеден естіген, есті сөз» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Байганин ауданының 2024 жылғы Змаусымдағы №04-1083 санды хатына сәйкес «Нашақорлыққа және есірткінің заңсыз айналымына карсы халықаралық курес күніне орай 2024 жылғы маусымға арналған жоспарына сәйкес іс-шаралар өткізілді.

Жыл бойы жүргізілген барлық іс-шаралар мектебіміздің a.s.pushkin.om әлеуметтік желісіне жарияланды.

5) Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру. Мектебімізде бейінді оқытуды іске асыру мақсатында техникалық мамандықтарға бейімделуі негізінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерден окушы таңдауы бойынша вариативтік компоненттен пәндер берілген.

6) Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру.

2023-2024 оку жылы бойынша А.С.Пушкин атындағы орта мектебінде 5 сыныпта ерекше білім беру қажеттілігі бар 1 окушы және 1,6 сыныптарда үйде жеке тегін оқытатын 2 окушының оку жұмыс жоспары келесідей нормативтік күжаттардың негізінде әзірленген:

- ✓ Казақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бүйрүгімен бекітілген Бастауыш, негізгі орта білім берудің мемлекеттік жаңшыға міндетті стандарты;
- ✓ Казақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бүйрүгімен бекітілген женіл ақыл-ой кемістігі бар окушыларға арналған үйде жеке тегін оқытатын бастауыш білім берудің үлгілілік оку жоспары (2016 жылғы 15 шілдедегі №453 бүйрүгі және 2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бүйрүгі мен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- ✓ ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бүйрүгі (2020 жылғы 5 ақпандағы № 51 бүйрүгімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бекітілген бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұндағы білім беретін пәндерінің үлгілік оку бағдарламалары.
- ✓ Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 кантардағы №4 бүйрүгі және оған қосымша ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларына әдістемелік-нұсқау хат.

2023-2024 оку жылы бойынша Ақтөбе облыстық ПМГК және ДКК шешімі бойынша инклюзивті оқыту бағдарламасы ұсынылған:

1-класс окушысы диагноз- женіл ақыл-ой кемістігі (легкое нарушение интеллекта), ОНР II уровня), қимыл-қозғалыс аппараты бұзылған (нарушение опорно-двигательного аппарата), II топ мүгедектігі бар Бауыржанқызы Жанәсем ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бүйрүгі (4-қосымша); ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бүйрүгі (4-қосымша) негізінде оқыту қазак тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін оқитын женіл

акыл-ой кемістігі бар окушыларға арналған бастауыш білім берудің жұмыс оку жоспарына сәйкес оқытылды.

5- класс окушысы диагнозы –жеріл ақыл-ой кемістігі (умеренное нарушение интеллекта), ОНР II уровня Аманова Акниет Жанатқызы жеке оку бағдарламасымен инклузивті білім алды.

6-класс окушысы диагнозы –тірек-қимыл аппараты бұзылған, жеріл ақыл-ой кемістігі (задержка психического развития), ОНР II уровня Түгелбаева Қалдықан Орынғалиқызы КР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 карашадагы №500 бүйрығына 55 –қосымша бойынша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде тегін оқитын білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұн) үлгілік оку жоспары негізінде оқытылды.

7) ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен тандау курстарын іске асыру бойынша бастауыш деңгей бойынша тандау сабактары:

2023-2024 оку жылы бастауыш білім беру бойынша :

Белсенді—қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабактар: окушының танымдық қабілетін арттыру бағытында математика пәніне 1- 4 сыныптарға 1 сағаттан , қазақ тілі пәнінен 2 сыныпта – 1 сағат сағат берілді . Бастауыш деңгей бойынша барлығы 5 оку сағаты берілген.

Негізгі орта білім беру бойынша:

Вариативтік 11 сағат: окушылардың жеке пәндерге деген қызыгуышылығын жаксарту мен білім дағдыларын жолға қою үшін 5-9 сыныптарға «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы бойынша 5-8-кл. - 0,5 сағат, 9-кл- 1 сағат берілді.

Негізгі деңгей бойынша барлығы 3 оку сағаты берілген.

Жалпы орта білім беру бойынша:

2023-2024 оку жылы бойынша вариативтік компонент есебінен элективті курс 10-11 кл. – 4 сағат және жаһандық құзыреттілік аптасына 1 сағат бөлінді.

10 сынып бойынша:

- 1 «Жалпы биология» курсы (1 сағаттан)
2. «Химия есептері» (1 сағаттан)

Элективті курс 11 сынып бойынша

- 1.«Физика және әлем» (1 сағаттан)
- 2.«Практикалық информатика» (1 сағаттан)

8). «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оку курсын зерделеу.

1-11-кластарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оку курсын міндетті менгеру қамтамасыз етіледі. Оку курсының мазмұнын 1-4-кластарда «Дүниетану» оку пәнінің шенберінде: жылдық оку жүктемесі 1-3-кластарда 6 сағаттан, 4-класта 10 сағаттан бастауыш класс мұғалімдері іске асырады.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оку курсының мазмұны 5-9-сыныптарда деңе шынықтыру оку курсының аясында 15 сағаттық жылдық оку жүктемесімен деңе шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады.

«Өмір қауіпсіздігінің және акпараттық технологиялар негіздері» оку курсының мазмұны 10-сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» оку курсының аясында 12 сағаттық жылдық оку жүктемесімен,11сыныпта «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оку курсының аясында 16 сағаттық жылдық оку

жүктемесімен алғашкы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады.

9). «Жолда жұру ережелері» міндепті оку курсын іске асыру.

